

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы N 40 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 11 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 3436. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 2 сәуірдегі N 95 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010.04.02 N 95 Бұйрығымен.

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН** :

1. "Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттардың сайлау қорларын мемлекеттік тіркеу мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1998 жылғы 20 қазандағы N 114 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 624 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесінде "Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттікке" деген сөздер "Тіркеу қызметі комитетіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта "Әділет вице-министрі М.Қ.Уәйісовке" деген сөздер "жетекшілік ететін Әділет вице-министріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттардың сайлау қорларын мемлекеттік тіркеу тәртібі туралы ережеде (бұдан әрі - Ереже):

1 - т а р м а қ т а :

"Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік)" деген сөздер "Тіркеу қызметі комитетінің (бұдан әрі - Комитет)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша алынып тасталсын;

Ереженің барлық мәтіндері бойынша:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын"

деген сөздермен ауыстырылсын;

"Агенттіктің", "Агенттік" деген сөздер тиісті септіктермен "Комитеттің" деген сөзбен ауыстырылсын;

Е р е ж е г е N 3 қ о с ы м ш а д а :

"Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігінің директоры" деген сөздер "Тіркеу қызметі комитетінің Төрағасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2. "Сайлау қорларын мемлекеттік тіркеу мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 9 шілдедегі N 57 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде N 833 тіркелген) (бұдан әрі - Бұйрық) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

4-тармақтан басқа, Бұйрықтың барлық мәтіндері бойынша "Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің" деген сөздер "Парламент пен мәслихаттың" деген сөздермен ауыстырылсын;

Бұйрықтың барлық мәтіндері бойынша "саяси партияның" деген сөздерден кейін "(сайлау блогы)" деген сөздермен толықтырылсын;

Бұйрықтың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әділет министрлігінің облыстардағы, Астана мен Алматы қалаларындағы Әділет департаменттеріне Парламент депутаттығына кандидаттардың сайлау қорларын және саяси партиялардың сайлау қорларын (сайлау блоктарын) мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру тапсырылсын. Әділет министрлігінің аумақтық органдары мәслихатқа депутаттыққа кандидаттардың сайлау қорларын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады.";

3-тармақта "Әділет министрлігінің аумақтық басқару органы" деген сөздер " Аумақтық әділет органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 - т а р м а қ т а :

"бақылау" деген сөзден кейін "жетекшілік ететін" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"М.Қ. Уәйісовке" деген сөз алынып тасталсын;

6-тармақта "нормативтік құқықтық акт ретінде" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Сайлау қорларын мемлекеттік тіркеу қағидасында:

1-тармақта "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органдарының" деген сөздер "аумақтық әділет органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

Қағиданың барлық мәтіндері бойынша:

"Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің" деген сөздер "Парламент пен мәслихаттың" деген сөздермен тиісті септікте және сандарда ауыстырылсын;

Қағиданың барлық мәтіндері бойынша "саяси партияларының", "саяси партияның" деген сөздерден кейін "(сайлау блоктарының)" сөздермен толықтырылсын;

Қағиданың барлық мәтіндері бойынша абзацтарды белгілеген дефистер алынып тасталсын;

көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Сайлау қорлары тізілімінің нысанында: 3-баған "атауы" деген сөзден кейін "(тиесілігі)" деген сөзбен толықтырылсын; көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттың сайлау қорын мемлекеттік тіркеуге берілетін өтініш нысанында:

"Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің" деген сөздер "Парламент пен мәслихаттың" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Саяси партияның сайлау қорын мемлекеттік тіркеуге берілетін арыз нысанында:

"саясы партияның" деген сөздерден кейін "(сайлау блоктарының)" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттың сайлау қорын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нысанында:

"Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің" деген сөздер "Парламент пен мәслихаттың" деген сөздермен ауыстырылсын;

мәтінде "1999 ж." деген жыл "20 жылғы" деген жылға ауыстырылсын; көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Саяси партияның сайлау қорын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нысанында:

"саясы партияның" деген сөздерден кейін "(сайлау блоктарының)" деген сөздермен толықтырылсын;

мәтінде "1999 ж." деген жыл "20 жылғы" деген жылға ауыстырылсын;

3. Осы бұйрық оны мемлекеттік тіркеген күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі